

ҚАЗҰУ ҰЖЫМЫ ЖАҢАӨЗЕНГЕ ҚАТЫСТЫ ҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ



Ректорат мәжілісінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы Жаңаөзендегі болған оқиғаға байланысты Қазақстан халқына үндеу жариялады. Үндеуде қасиетті қара шаңырақ оқытушы-профессорлар құрамы ел ынтымағына нұқсан келтіретін жағдайға өз алаңдаушылықтарын білдірді.

Тәуелсіздік мерекесі - әрбір мемлекет үшін ұлттық ең ұлық мейрам. Елдігін бағалайтын ұлт сондықтан бұл мейрамды басқаларға қарағанда өзгеше реңкпен атап өтеді. Алайда Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойы республикамыздың барлық өңірінде келіскен сән-салтанатымен тойланып жатқан тұста Жаңаөзендегі оқиға әрбір азаматтың көңіліне кірбін түсіргені ақиқат. Өзегімізді өртейтін өте өкінішті жағдайдың ұлық мереке күні болуы да еліміздің ынтымағы туралы әңгімені сан-

саққа жүгіртуге таптырмайтын құрал болып тұр. Естеріңізге сала кетейік, 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы мен Шетпе стансасында орын алған жаппай тәртіпсіздіктер кезінде 14 адам қаза тауып, 80-нен астам адам зардап шеккен болатын. Ағымдағы жылдың 16 желтоқсанындағы Жаңаөзендегі тәртіпсіздіктер барысында 46 нысан тоналып, өртелген. Олардың қатарында «Халық банкі» мен «Альянс банкінің» филиалдары, 20

дүкен, екі кафе, бір нотариус кеңсесі, екі ломбард, Жаңаөзен қалалық әкімдігі мен Тенге кенті әкімдігінің ғимараты, бір фотосалон, полицияның екі бекеті, «Ару ана» қонақ үйі, «Өзенмұнайгаз» компаниясының ғимараты, үш жекеменшік үй, 20-дан астам автокөлік бар. 17 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Жаңаөзен қаласында төтенше жағдай енгізді. Өңірде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Қ.Қасымовтың басшылығымен жедел-тергеу тобы және ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев бастаған үкіметтік комиссия жұмыс істеуде. Қоғамдық тәртіпті орнату мақсатында 19 бақылау-өткізу бекеті құрылды.

(Жалғасы 2-бетте)

13 желтоқсанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ақсақалдар кеңесі өтті.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДА АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІНІҢ РӨЛІ ЗОР

Бұл кеңестің құрамында профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ соғыс және еңбек ардагерлері қоғамының тұрақты төрағасы Ғаббас Жұматов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ақсақалдар кеңесінің төрағасы профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер Сұлтан Сартаев, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор ҚР ҰҒА академигі Мейірхан Әбділдин, биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Майя Шығайева, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткер Тұрсынбек Кәкішев, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткер Әбілғайып Ыдырысов, профессор Уахит Шәлекенов және ҚазҰУ Ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Зұлқайыр Мансұров және тағы басқа ғалымдар бар. Қара шаңырақта бытыр құрылған кеңестің бұл отырысында бір жылғы жасалынған жұмыстар қорытындыланып, атқарылған істердің есебі тыңдалды. Әлемдік топ-университеттер қатарынан орын алған білім ордасының биік белестеріндегі Ақсақалдар кеңесінің рөлі сараланды. Отырыс ақсақалдар кеңесінің мүшесі болған заңгер ғалым Салық Зимановты бір минут үнсіздікпен еске алумен бас-талды.

(Жалғасы 3-бетте)

ЕСТЬ ПРОБЛЕМА – ЕСТЬ РЕШЕНИЕ

«Автомобили, автомобили, буквально все заполонили...» - многие, помнят слова этой, когда-то популярной песенки. Наверняка ее автор много лет назад не представлял, насколько пророческими они будут. Проблема «заполонения» автомашин породит новую — нехватка мест для парковки «железных коней». Не обошло это и наш университет, многие преподаватели и студенты имеют автотранспорт и обозначенная проблема волнует их.

Стоянки в учебное время перегружены, много времени уходит на поиск места, часто возникают аварийные ситуации, фиксировались случаи кражи из машин, их порча и даже угон. А недавно произошли события из ряда вон выходящие. На стоянках начали стрелять, хорошо, что в воздух, с этим фактом разбираются компетентные органы.

(Продолжение на 4 стр.)

ИННОВАЦИЯ – ИГІЛІК ҮШІН

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Қазақстанның инновациялық дамуын мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Конференцияға заңгер ғалым А.Ағыбаев, З.Кенжалиев бастаған Отандық профессорлар мен Ломоносов атындағы МГУ профессоры Л.Половко, Киев ұлттық университетінің профессорлары С.Лиховая, А.И Ковтун, Ресейдің белгілі ғалымдары А.Л Репецкая, С.С Босхолов және тағы да басқа шетелдік заңгер ғалымдар, ғылыми-зерттеу институттарының мамандары, мемлекеттік органдардың және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары сондай-ақ магистранттар мен студенттер қатысты.

(Жалғасы 2-бетте)



ҚАЗҰУ ҰЖЫМЫ ЖАҢАӨЗЕНГЕ ҚАТЫСТЫ ҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ

(Басы 1-бетте)

Қабылданған шаралардың нәтижесінде желтоқсанның 16-ынан 17-іне қараған түні жаппай тәртіпсіздіктерге қатысушылар мен талаушылардың 70-сі ұсталып, олардың 8-і қамауға алынған. 18 желтоқсан күнгі таңға коменданттық сағатты бұзғаны үшін тағы да 60-қа жуық адам ұсталды.

Қазірде осы оқиғаға байланысты әр жерде қоғамдық-саяси ұйымдар мәлімдемелер жасап, белгілі тұлғалар елдің ынтымағын сақтау үшін халықты сабырға шықырып отыр. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы да Ректорат отырысында Жаңаөзен оқиғасына қатысты Қазақстан халқына Үндеу жариялады.

Үндеуде: «Құрметті отандастар! Біз бүгінде ел Тәуелсіздігі жарияланғанына 20 жыл толған күнді – Республикамыздың ұлы мерекесін орасан зор қуанышпен және ерекше мақтанышпен қарсы алдық. Қазақстан – дербес, күшті және шын мәнінде халықтық саясатпен егеменді және өркениетті мемлекет болып қалыптасты.

Қазақстан Республикасы Парламентімен қабылданған Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған декларациясы егемендігімізді нығайту мен қалыптастыруға, мемлекеттіліктің құрылу жолындағы Бірінші Президент Н.Ә. Назарбаевтың ерекше орны мен Қазақстан қоғамындағы жетістіктердің өділ бағасы болып табылады. Бейбітшілік, келісім, бірлік, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық, орнықты даму, халықаралық мойындау – осылардың барлығы Қазақстан халқының жалпы игілігіне айналған Тәуелсіздіктің басты жетістіктері», - делінген.

«Өкінішке қарай, республиканың жеңістері мен ерліктеріне, біздің ортақ үйіміздің татулығы мен берекесіне қырын көзбен қарайтын, Қазақстанның тұрақсыздығы мен әлсіздігін қалайтын қандай да бір қоғамға қарсы күштер бар. Жаңаөзен қаласы мен Шетпе бекетінде болған оқиғалар қоғамның тыныштығын бұзуға бағытталған



және ұйымдастырылған арандатушылық екені ақиқат. Біз оны ашық қылмыстық іс-әрекет және жаппай жүргізілген тәртіпсіздік деп бағалаймыз», - деп жазылған үндеуде одан әрі былай деп жазылған: «Демек, елдегі ордалы оқу орны қазақ жеріндегі жағдайларға үнемі үлкен жауапкершіліктен қарайтыны белгілі. «Барлық қазақстандықтарды аталған оқиғаны бағалау мәселесінде белсенді азаматтық ұстаным танытуға, Қазақстанның даму жолындағы басты құндылықтары – бостандық, бірлік, тұрақтылық пен өркениетті сақтауға шақырамыз».

Сондай-ақ, бұл үндеу Қазақстан халқын

сабырлық пен дұрыс пікір қалыптастыруға жұмылдыруды ниет етеді. Құжат «Ұлт көшбасшысы, біздің Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың төңірегіне бірігіп, заңдылықты сақтап және мемлекетіміздің жарқын болашағын құру үшін біз барлық күшімізді біріктіріп, қылмыстық күштерге және Конституцияға қарсы ойларға той-тарыс беруіміз керек!», - деген ойлармен тұжырымдалады. Ректорат мүшелері үндеуді бірауыздан қолдап, Жаңаөзен оқиғасында қаза тапқан азаматтардың туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтты.

P.S.

Ректорат мәжілісі осы кезекті отырысында белгілеген күн тәртібі бойынша «Шетелдік дәріскерлерді тартудың тиімділігі» туралы Оқу жұмысы жөніндегі проректор Г. Балақаеваның, «ҚР БЖҒМ-ның жаңа талаптарына сай ғылыми атақтар беру» тақырыбы бойынша Ғылыми кадрларды аттестациялау бөлімінің бастығы К. Жақсыбекованың баяндамаларын тыңдады. Сондай-ақ, ҚазҰУ-да қонақта болған Синьцзян университетінің Құқық, экономика және саясат институтының директоры, профессор Тчжинь Тоньнің Қазақстаннан алған әсерлерімен бөлісті.

Еллік АҚЖІПТ

Коллектив КазНУ им. аль-Фараби

Обращение коллектива Казахского национального университета им. аль-Фараби в связи с событиями в Жанаозене

Уважаемые соотечественники!

В эти дни, спустя 20 лет с момента провозглашения Независимости мы с огромной радостью и особой гордостью встретили великий праздник нашей республики. Казахстан состоялся как суверенное цивилизованное государство с самостоятельной, сильной и поистине народной политикой.

Объективной оценкой достижений казахстанского общества и выдающейся роли Первого Президента Н.А. Назарбаева в становлении и укреплении нашей независимости, успешном строительстве государственности явилась, принятая Парламентом Республики Казахстан Декларация 20-летия Независимости. Мир, согласие, единство, экономическая и социальная стабильность, устойчивое развитие, международное признание – вот главные успехи Независимости, ставшие общим достоянием казахстанского народа.

К сожалению, победы и свершения республики, мир и согласие в нашем общем доме не по нраву неким деструктивным силам, заинтересованным в нестабильном и слабом Казахстане. Совершенно очевидно, что события, произошедшие в г. Жанаозен и на станции Шетпе, были спровоцированы, организованы и направлены на то, чтобы внести раскол, расшатать мирные устои в обществе. Мы расцениваем их как откровенно преступные действия, и осуждаем учиненные массовые беспорядки.

Призываем всех казахстанцев проявить в вопросе оценки данных событий активную гражданскую позицию, сохранить приверженность базовым ценностям казахстанского пути развития – свободе, единству, стабильности и процветанию.

Сплотившись вокруг Лидера нации, нашего Президента Нурсултана Назарбаева, соблюдая законность и объединив усилия на построение современного процветающего государства, мы должны дать твердый отпор преступным, антиконституционным замыслам!

На факультете философии и политологии КазНУ состоялась Международная научно-практическая конференция «Культурологическая наука за 20 лет развития независимого Казахстана: проблемы, поиски, решения», посвященная 20-летию Независимости страны. Организатором мероприятия выступила кафедра религиоведения и культурологии факультета философии и политологии.

Культурологический форум

С приветственным словом к участникам конференции обратилась проректор КазНУ им. аль-Фараби Шолпан Джаман-балаева. Она поздравила присутствующих с 20-летием Независимости Казахстана, отметив, что страна, выбрав собственный путь развития, уверенно движется вперед и с каждым годом добивается все больших успехов.

В конференции приняли участие представители научных кругов, культуры и некоммерческих организаций, казахстанских вузов - КазНПУ им. Абая, АТУ, МАБ, КазУМОиМЯ им. Аблайхана, КазНТУ им. Сатпаева, Института философии и политологии, Пограничной Академии КНБ РК и др., профессорско-преподавательский состав факультета, докторанты, магистранты и студенты.

Кроме того, на форуме выступили крупные зарубежные ученые: Ахмет Дагдуран (Фонд культуры тюркских народов, Турция), Петер Финке (Университет Цюриха, Швейцария), Мариус Маршевский (Университет им. А. Мицкевича, Польша), Петрик Джеймс (Университет Огайо, США), Хванг Су Нил (Университет Донгук, Ю. Ко-

рея), И. Сыроева-Массон (Университет Ниццы София Антиполис, Франция), Ю. Мануйлов (Нижегородский институт развития образования, Россия).

Доклады участников конференции были посвящены фундаментальным проблемам культурологии, современного состояния культурологии и развития национальной культурологической школы, перспективам культурологической науки и межкультурных связей, вопросам консолидации общества. Всего на конференции было заслушано более 60 выступлений, состоялась интересная и содержательная дискуссия по наиболее обсуждаемым вопросам. Неформальное общение, новые знакомства, обмен мнениями, позитивная энергетика людей сделали мероприятие содержательным и полезным.

Проведение подобных мероприятий способствует консолидации ученых и преподавателей, обмену опытом, создает условия для их профессионального роста.

А.ЖОЛДУБАЕВА
профессор кафедры
религиоведения
и культурологии ФФиП

ИННОВАЦИЯ – ИГІЛІК ҮШІН



(Басы 1-бетте)

ҚазҰУ-дың заң факультетінің деканы Дәулет Лайықұлы конференцияның алғысөзін сөйлеп, осы жиынның өтуіне арнайы келген шетелдік әріптестеріне алғысын білдірді.

Қазақстанның тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналып өткізілген аталмыш халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты осы жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстанның инновациялық дамуын құқықтық қамтамасыз етуге қатысты қордаланған мәселелерді қарап, ғылыми негіздерін айқындау болды. Конференция барысында Қазақстанның құқықтық жүйесінің дамуының

өзекті мәселелері, мемлекеттің осы заманға сай инновациялық даму жағдайында заңнаманың жүзеге асырылуының теориялық және тәжірибелік мәселелері талқыланды. 20 жыл аралығындағы кезеңде тиісті салада республикамыз қол жеткізген жетістіктердің құқықтық негіздері айқындалып, сараланды, оның даму бағыттары көрсетілді. Ғылыми басқосуда Қазақстанның инновациялық дамуын мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз етудің теориялық, тәжірибелік және тарихи мәселелері, Азаматтық қоғам институттарының дамуының құқықтық мәселелері және дәстүрлі кезеңдегі қазақтардың құқықтық құндылықтарда,

идеяларда, құқық нормаларын қолдану негізінде Қазақстан қоғамының құқықтық мәдениетін қалыптастыру сияқты тақырыптар кеңінен талқыланды. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның қатысушылары тарапынан азаматтардың өмір сүру деңгейін ары қарай көтеру, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және тәуелсіздік пен егемендікті нығайту мақсатында Қазақстанда экономиканы қарқынды дамыту және индустриялық-инновациялық дамуын жетілдіру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында айтулы ұсыныстар жасалды. Мәселен, еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің ең жаңа Тұғырнамасын және қазіргі қауіп-қатерлерге қарсы әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының экологиялық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең бір жаңа Тұғырнамасын әзірлеу және қабылдау, Кеден одағы жағдайында бірыңғай кедендік реттеуге қол жеткізу мақсатында кедендік заңнамамен қоса тиісті саладағы қылмыстар мен әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін зани жауаптылықты қарастыратын заңнаманы да бірегейлендіру сияқты ұсыныстармен толығып, конференцияға қатысушылар тарапынан қолдау тапты.

Айгерім ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ,
Динара АХАНҚЫЗЫ,
заң факультетінің доценттері

(Басы 1-бетте)

Қазыналы қариялармен ақылдасып, тәжірибе алмасу — келісіп пішкен тонның келте болмайтындығына дәлел екендігін ескерген ҚазҰУ басшысы Ғалым Мұтанов ақсақалдар кеңесінің бірінші отырысында жасалынған ұсыныстармен бастамалардың орындалу эрежесі қандай деген сұраққа оқталып, «ҚазҰУ-дың 2011 жылы жеткен жетістіктері» қырыбында баяндама жасады. Ақсақалдармен ақылдасу, кеңес тілегіне құлақ түру өз пайдасын әкелетініне сенім артты. Бұл баяндамада университет басшысы QS рейтингісінде ҚазҰУ 200 саты жоғарылап, бүгінде әлемдік топ-университеттердің 401-450 сатысына көтерілгенін, сондай-ақ университеттегі білім,



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДА АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІНІҢ РӨЛІ ЗОР



тәрбие, инновация үштігін біріктіру арқылы алға жылжып, жасалынып жатқан жаңа бастамалармен таныстырды. Сондай-ақ куратор-эдвайзерлер институты бір ізділенгенін, осы салада атқарылған еңбек өніміне қарай оқытушылардың жалақысына белгілі пайызда қосымша төлемақы берілуі қолға алынғанын, студенттік топты оқытумен қатар тәрбие жұмыстарын жүргізу де басты нысанда екенін баяндады. Ел тәуелсіздігінің мерейтойына орай, «тәуелсіздіктің 20 жылдығына — 20 инновация» жобасы жүзеге асқандығын айтып, университет оқытушы-профессорлары әлі де талай бастамаға мұрындық болуға даяр екендігін жеткізді.

Ал Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева, бірінші проректор Мұқамбетқали Бүркітбаев Ақсақалдар кеңесі шешімдерінің орындалу барысымен таныстырды. Ақсақалдар кеңесінің бірінші отырысынан кейін Гуманитарлық ғылым саласындағы басым бағыттарды дамыту мақсатындағы арнайы гуманитарлық кеңес құрылған болатын. Бұл кеңестің құрамында ақсақалдар кеңесінің мүшелері де тартылған. Осы орайда бүгінде ҚазҰУ-да осы кеңес аясында Әлеуметтік-гуманитарлық білім саласында ғылыми зерттеулерді дамыту бойынша комиссия, Корпоративті мәдениетті дамыту бойынша комиссия, Гуманитарлық ортаны дамыту мәселелері бойынша комиссия, Пәнаралық байланыстарды дамыту бойынша комиссия, Студенттердің тілдік даярлығы мәселелері бой-

ынша комиссия және ҚазҰУ оқытушысы мен ғалымының позитивті имиджін дамыту бойынша комиссия жұмыс жасап жатқандығы айтылды. Жыл ағымында Кеңес оқытушының корпоративті мәдениет кодексі, Студенттің ар-намыс кодексі, ҚазҰУ оқытушысы туралы ереже және ҚазҰУ студенті туралы ереже сияқты маңызды құжаттарды әзірледі. Сонымен қатар ҚазҰУ-дың әр студенті оқып шығуы міндетті болып табылатын 100 әдеби шығарманың тізімі талқыланды», - дейді.

Ақсақалдар кеңесі құрылғалы біршама істерге мұрындық болғандығы таразыланды. Мәселен Ақсақалдар кеңесі мүшелерінің мұрындық болуымен студенттер арасында бірнеше кездесулер, іс-шаралар ұйымдастырылды. Жастарды оқытумен қатар тәрбиелеу саласында ақсақалдар кеңесінің мүшелері алда да өз үлестерін қосуға дайын екендіктерін жеткізді. Болашақ кадрларды даярлап жатқан білім ордасының жұмыстарын ізгілендіруде біршама ұсыныстарымен де бөлісті. Профессор Әбілфайыз Ыдырысов журналистика факультеті негізінде кітаптану саласын дамытуды қолға алып, баспалармен байланысты нығайтуды алға тартып, бұл бағыт дамыған тұста студенттердің кітап оқуға деген қызығушылығы дамитындығын тілге тиек етіп, шетелдік профессорлардың ҚазҰУ-ға келіп дәріс оқуын құптады. Себебі, олар Қазақстан ғалымдарымен танысып, Қазақстан мемлекеті жайында мағлұмат алып, әлемдік деңгейде насихатталуына үлес болмақ деген ой айтты. Ал профессор

Уахит Шәлекенов: «Өз тарихымызды, өз әдебиетімізді отандық ғалымдардан артық меңгерген маман жоқ. Сол себепті осы пәндер аясында қазақстандық ірі ғалымдар да студенттерге дәріс оқуда аянбайтынына сенемін. Ақсақалдар кеңесі мүшелері жиірек кездесіп, студенттерге жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстарына араласуды міндет санаймыз. Жастарға дәрістер оқып, ғибратты кештер ұйымдастыруына түрткі болайық», - деген пікірімен бөлісіп: «Ақсақалдар кеңесі мүшелері жиірек кездесіп, студенттерге жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстарына араласуды міндет санаймыз. Жастарға дәрістер оқып, ғибратты кештер ұйымдастыруына түрткі болайық», - деген ой айтты. Ақсақалдар кеңесінің әр мүшесі өзінің мол тәжірибесімен бөлісуге, студенттерді бірігіп тәрбиелеп, бәсекеге қабілетті мамандар қалыптастыруға сақадай сай екендіктерін ескертті. Бұл тұста профессор Тұрсынбек Кәкішев жастарды оқытып, мамандар даярлауда ұлттық

- деген пікірімен бөлісті. Ал, ардагерлер мұндай талаптар қара шаңырақта атқарылып жатқан әр істе көрініс беретіндігін, сонымен қоса университет заманауи дамып келе жатқандығын зор ықыласпен айтты. Ал профессор Өтеген Күмісбаев білім ордасы оқытушыларына ағылшын тілдерін үйрету бағытында курстар кеңінен жұмыс жасаса деген ұсынысын жеткізді. Сондай-ақ, Ардагерлер кеңесінің мүшесі Өтеген Күмісбаев ҚазҰУ-да дәріс оқытын, Қазақстан жазушылар Одағының және Қазақстан журналистер Одағының мүшелерінің басын қосып, олардың жеке-жеке емес, топтасып студенттердің тәрбиесі үшін игі жұмыстарға жұмылдыруға шақырды. Ақсақалдар кеңесі — көреген ұстаздардың мінбері, аға буынның жас ұрпақпен пікір алаңына айналып отыр. Бұл кезекте кеңес мүшелері тарапынан университеттің алға жылжуы үшін айтылар ақыл-кеңестер де толастамақ емес. География ғылымдарының докторы, профессор Сәкен Дәулетқалиев: «жастардың қабілетті болуы



рухта тәрбиелеу мәселесі күн тәртібінен ешуақытта түспеу керектігін шегелеп айтты. Содай-ақ Тұрсынбек Кәкішев: «Ұлттық рухты көтермей болашақты жарылқай алмаймыз. Жоғары білім ордасында рухани дүниеге басымдылық берілуі керек. Сонымен бірге ұлттық болмысымызды, төл тарихымызды, әдебиетімізді әлемге насихаттау үшін отандық мықты ғалымдарымызды шетелдік университеттерге дәріс оқуға жіберіп отыру қажет»,

үшін тілді меңгергені жөн. Қазақ тобындағы студенттер орысша оқулықты меңгеруде қиындық туындаса, орыс тобы қазақ тіліндегі әдебиеттерді түсінбейді. Осы себепті, меніңше, қазақ тобы бір пәнді орысша, орыс тобы бір пәнді қазақша меңгергені жөн деп ойлаймын», - деген ойын ортаға салды. Ардагер ұстаздар білімді жетілдіру, тәрбиені нығайтуда осылайша пікір алмасты. Жүзеге асар нақты ұсыныстарымен бөлісті. Сол арман-тілектер орында-

Тәуелсіздік толғауы

О Тәуелсіздік, бәйтерегім,
Япыр-ай, сен болмасаң қайтер едім.
Бабалардың орындап өсиетін,
Бостандықтың жемісін бай теремін.

Сенің әр қадамыңа мақтанамын,
Көк байрақты көрем де шаттанамын.
Қушыуақ күндеріңе шомыламын,
Беркелі бағыңнан бақ табамын.

О ҚазҰУ-ым жасыңдай жайраңдаған,
Өзіңді армандаған қайран бабам.
Инновацияң көбейсін инабатты,
Армандай мақсатыңды айқындаған.

Бірлікпен кіре берсін берекеміз,
Жүз жылдарға ұлассын мерекеміз.
Қайсарлығы Абай мен Махамбеттей,
Біз өзі қазақ деген ел екенбіз.

Елімізге дұшпан да елжіресін,
Ерлік жасап әлемде кең жүресін.
Қазақстан абыройын асқақтатып,
Мәңгілік ұлы туым желбіресін.

Ақын, профессор
Өтеген КҮМІСБАЕВ

латынына сенім артты. Бұған дейін де көтерілген мәселелер өз нәтижесін көрсетіп, интеллектуалды ұлт тәрбиелеуде орынды істер атқарылып жатқандығына көңілдері марқайды. Алайда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ соғыс және еңбек ардагерлері қоғамының тұрақты төрағасы Ғаббас Жұматов: «Алматы қалалық ардагерлер кеңесімен байланысты арттырып, жастар тәрбиесіне бірге атсалысу керек», - дегенді алға тартты.

Ақсақалдар кеңесінің әр мүшесі алда тағы да студенттермен арнайы кездесулер ұйымдастырып, жатақханаларға барып пікір алмасуға, тәрбие мен білім беруге атсалысатындықтарын жеткізді. Осылайша, Ақсақалдар кеңесінің мүшелері атқарылып жатқан істерге ризашылықтарын айтып, алда атқарылар бастамаларға ұсыныс тілектерімен бөлісті. Ел болашағын тәрбиелеуге үлкен бастамалар танытып жатқан қара шаңырақ басшылығы мен оқытушылар құрамына қолдау танытуды өз міндеттері санады. Сонымен бірге ақын, Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Өтеген Күмісбаев «Тәуелсіздік толғауы» атты авторлық өлеңін оқып, кеңесті мерекелік жырмен қорытындылады. «Батаменен ер көгерер», демекші дуалы ауыздан шыққан аталы сөздер интеллектуалды ұлт қалыптастыруға қашан да қажет-ақ. Қара шаңырақтың Ақсақалдармен кеңесуі осы ғибратты сөздің игілігіне айналғанының айғағы.

Аға буынның ақыл кеңесі қашан да асыл қазына екендігін алға тартқан ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов барлық ұсыныс талаптар ескерілетінін айтты. Студенттердің кітап оқуға қызығушылығын ояту, тәрбиелеу, мәдени ошақтарға бару, рухани кештер ұйымдастыру, бір сөзбен айтқанда, рухани құндылықты инновациялық дамумен қоса қағартуды басты міндет етіп отырған ҚазҰУ басшысы ақсақалдар ақылына арқа сүйеді. Қара шаңырақтың беделі мен әлеуетін арттыруда қолдау танытып жүрген ақсақалдар кеңесінің мүшелеріне алғысын жеткізіп, тәуелсіздік күніне деген лебізімен бөлісті.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Есть проблема – есть решение

(Начало на 1 стр.)

«Что делать?» – этот риторический вопрос не давал покоя руководству университета. Не изобретая «велосипед», цивилизованный выход был найден. По инициативе профсоюза работников КазНУ им. аль-Фараби «Парасат», учитывая международный опыт, на общественном уровне начата была организована Клуб владельцев транспортных средств университета, который теперь решает все вопросы связанные с организацией работы автостоянок. Руководителем клуба избран заместитель декана факультета истории, археологии и этнологии Арман Жумадилов, в Совет объединения вошли представители от факультетов и подразделений КазНУ.

«Все начиналось с небольшого эксперимента», – пояснил председатель университета профкома Талгат Мекебаев. Руководство вуза начало наводить порядок с себя, то есть с ректорской автостоянки. «Мы сделали разметку, пронумеровали места парковки, составили списки владельцев, работающих в главном административном здании. На общем собрании изложили принцип деятельности общественного клуба. Конечно, было много вопросов и споров, но мы выработали общепринятые правила, которые позво-

ляют распределять парковочные места открыто и честно», – отметил профсоюзный лидер. Для благоустройства территории стоянки и обеспечения охраны члены клуба предложили внести небольшой взнос. Сегодня здесь полный порядок. Въезд на стоянку разрешен только по пропуску клуба, каждый автовладелец знает свое место, посторонних нет, установлено освещение и круглосуточное видеонаблюдение, обеспечена охрана автотранспорта.

Опыт оказался удачным, и студенческий профсоюз «Сұңқар» обратился с просьбой помочь навести порядок на автостоянке для преподавателей и студентов. Инициативу поддержало и руководство вуза, выделив средства на благоустройство территории стоянки. Работы провели в короткие сроки – была расширена территория, уложено твердое покрытие, проведено освещение. Сейчас стоянка рассчитана на 400 мест, 300 выделено для студентов и 100 для преподавателей. Ею смогут пользоваться историки, филологи, биологи, географы, журналисты, юристы и экономисты. Для того чтобы получить место, необходимо вступить в университетский клуб владельцев автотранспорта и получить специальный пропуск. Членские взносы будут использоваться на



очистку территории, обеспечение охраны, освещение и другие расходы, связанные с эксплуатацией.

Студенты довольны. Вот, что говорит Исламбек Самратбеков – студент ВШЭиБ, – «Это правильное решение. На стоянке только машины преподавателей и студентов нашего университета, обеспечен порядок и безопасность автотранспорта. Убежден, что и правонарушений теперь не будет». Айдын Хамитов: «Мое мнение о нововведениях на автостоянке позитивное! Будет порядок, есть гарантированное наличие места, раньше их не хватало. Одобряю, потому что это удобно и действенно». Водитель со стажем доцент факультета журналистики Елена Дудинова считает, что «создание общественного клуба своевременно

– это цивилизованный выход решения проблемы, наличие в университете автостоянок с освещением, охраной и видеонаблюдением дисциплинирует автовладельцев».

Руководитель клуба владельцев автотранспорта Арман Жумадилов отметил, что работа объединения строится на общественных началах и самоуправлении, пока мест для всех желающих не хватает. Эту проблему знает и решает руководство вуза. На очереди организация работы автостоянки за Дворцом студентов, а в планах на следующий год открытие новых.

Олыя ЛОЖНИКОВА,
заместитель председателя профсоюза «Парасат»
работника КазНУ им. аль-Фараби

Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойы университетімізде үлкен дәрежеде тойланды. Сондай егемендікті ұлықтайтын іс-шараның бірі жақында халықаралық қатынастар факультетінде де болып өтті. Халықаралық қатынастар факультетінің «Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен, факультет басшылығының қолдауымен «Жыл студенті – 2011» байқауының жеңімпаздары марапатталды. 20 жылдықта 20 номинация бойынша марапатталған 20 студент факультеттегі, университеттегі қоғамдық жұмысқа белсенділігі, оқудағы жоғары көрсеткіші арқылы анықталды.

20 ЖЫЛДЫҚТА – 20 ҮЗДІК СТУДЕНТ

Алғашқы құттықтау сөзді алған факультет деканының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.С. Абдыхалыков студент жастарды, қонақтарды тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойымен құттықтап, алғашқы ондықты марапаттады. Келесі ондықты марапаттау құрметі факультеттің ардақты ұстазы Г.У. Ахметалиеваға берілді. Ол өз кезегінде жеңімпаздарды құттықтап, ыстық ықылас, тілектерін білдірді. Кеш барысында Махаббат Садырбаеваның орындауындағы әсем ән құлақтың құрышын қандырса, Ажар Айтқожаның мың бұралған биі келген қонақтарды тәнті етті.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар студенттер қатары мынадай: «Ең білгір студент-2011» – Жанар Бубешова; «Ең ізденімпаз студент-2011» – Марат Игиликов; «Сабақ үлгерімі ең жоғары студент-2011» – Елена Андросенко; «Ең үздік дебатшы-2011» – Бауыржан Қомшабайұлы; «Ең үздік волонтер-2011» – Әсемгүл Капарова; «Ең үздік менеджер-2011» – Камалин Камирдинов; «Ең үздік профорг-2011» – Аймира Адылбаева; «Ең үздік студ. кеңесші-2011» – Айгүл Абекова; «Ең үздік староста-2011» – Гүлжанар Хайролла; «Ең үздік әнші-2011» – Лаура Утеуова; «Ең үздік биші-2011» – Ақмарал Абылмажинова; «Ең үздік КВН-ші-2011» – Эрик Сағатов; «Ең жалынды студент-2011» – «Ең үздік шетелдік студент-2011» – Бехзод Икромов; «Ең үздік мәдени тұлға-2011» – Арман Жетіру; «Ең танымал студент-2011» – Махаббат Садырбаева; «Ең үздік ұйымдастырушы-2011» – Ильяс Ешанов; «Ең белсенді студент-2011» – Ержан Мырзатаев; «Тәуелсіздік құрдасы-2011» – Мөлдір Ширинова. Жеңімпаздарға дипломдар, естелік сыйлықтар табысталды. Ал ең үздік деп танылған 5 студентке «Сұңқар» студенттер кәсіподағының атынан Ыстықкөлге жазғы демалысқа жолдама берілді.

«Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады», – деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, бүгінгі жігерлі де жалынды жастар елінің ертеңгі ардақты азаматтары болатынына сеніміміз мол. Жастардың еңбегін дәріптеп, бағалайтын осындай іс-шаралар факультетте одан ары жалғасын таба бермек.

Ақмарал ҚАРЛЫБАЕВА,
халықаралық қатынастар факультетінің 3 курс студенті

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ЖАСТАР ҚАДІРЛЕЙ БІЛЕДІ

Халық біткеннің бәрі бостандық сүйгіш бола тұра, еркіндікті ауадай аңсаған қазақтай халық жоқ шығар, сіра. Жақсылықтың ерtesі де, кеші де жоқ. Дегенмен бұл жолдағы әр күніміз ғасырдан да ұзақ. 6 желтоқсан күні, сәрсенбінің сәтінде философия және саясаттану факультетінде психология мамандығының 2 курс студенттері ҚР Тәуелсіздігінің 20 жыл толуын мерекеледі.

Кештің өте әсерлі сәті Желтоқсан көтерілісіне қатысты бейнекөріністің көрсетілімі болды. «Тәубене түсіреді екен» деген пікір сол кездегі барлық қонақтың жан дүниесіндегі аласапыранды дәл көрсетті. Кеш барысында оқылған К. Ахметованың жыры «Бү дүниедегі қорлықтың бірі өтпес-ті, өз Отаныңдағы қорлықтан...» деген тұстарымен жүректі тулатып қойды. Кеште ән де айтылды, би де биленді. Жиналған көрермен 2 курс студенттері Шынар Ағабаева, Мақпал Бөлегенова, Ақмарал Жұмабекова, Ақнұр Базарбекова, Жәмила Шадыманова, Сая Бақимованың өнерлерін тамашалады. Кештің тізгінін жүргізушілік өнерлерін шыңдап жүрген Сабина Жұбанышова мен Меруерт Құсаинова алды. Арнайы ұйымдастырылған көрініс тамашаланды.

Бостандық бұлттан шыққан күндей жарқ ете қалған жоқ. Тәуелсіздікке жету үшін

түлкі бұлаң тарихтың неше бұрылысында талай тарланның тақымында тер кеппеді. Бұл жолда тағдыр қазақтың басын тауға да соқты, дауға да соқты. Тәуелсіздігімізге төрімізден орын сайлап, төбемізден жай беріп, елдігімізге тәу етіп келеміз. Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адасқанды жөн көретін қазақпыз, әйтсе де біздің ой – өзгелер тәуелсіз елдің тұғырын төмендетпесе деген тілек. Қуанышымыз баянды болмай!

Кештің жастарды отан-сүйгіштікке, патриотизм мен халықтың өткен тарихын құрметтей білуге, тәуелсіздік, бостандық, еркіндік ұғымдарының тарихи маңызын түсіне білуге тәрбиелеу мақсаты орындалды.

Ж.С. СЕЙІТНҰР,
жалпы және этникалық психология кафедрасының доценті

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов: «Адам мен адамды, ел мен елді теңестіретін нәрсе – білім» деген екен. Әлемнің әр түкпірінен келген жүздері басқа болғанмен жүректері білім мен өнерге құштар, тілдері басқа болғанмен тілектері тоғысқан жастар осы қара шаңырақ ҚазҰУ-да бір үйдің баласындай тату-тәтті білім алып жатыр.

«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» – ЖЕТІСТІКТЕРДІ ТАНЫТТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ұйымдастыруымен «Ашық есік күні» өткізілді. Мақсат – жаңалыққа толы, инновациялық дамудың әдіс-тәсілдерін менгеріп жатқан ұстаздар еңбегін елге таныту. Олар әлемнің әр елінен келген ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді менгертіп, қазақ халқының салт-дәстүрін, ата тарихын үйретуде. 2001 жылдан бастап, бастарын түйістірген шаңырақ та осы ҚазҰУ. Шетелдегі қазақ балалары білімнің бастауын осы ұстаздардан алып, биік белестерге көтеріліп, ұлттық тіліміз бен өнерімізді еселеп, төл мәдениетімізді көркейтуде. 2010 жылдан бастап, Ауған Ислам Республикасы жастарын оқыту жоспарға енгізілген. Оқыту жүйесіндегі түрлі әдістемелер мен оқулықтардан көрмелер ұйымдастырылды. Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына

арналған қабырға газеттерінен байқау ұйымдастырылды. Аталған шараға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Гүлнар Балақаева қатысты. Сонымен бірге, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының өкілі Ботагөз Уатқан, Алматы қаласы әкімдігі тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжататма комитетінен, Ауған елшілігінен, корей, поляк мәдени орталығынан өкілдер қатысты. Сондай-ақ, шығыстанушы-ғалым Ислам Жеменей, халықаралық «Жанашыр» қоры өкілі Жазира Амантайқызы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығынан Арыстан қажы т.б. қонақтар қатысты.

Ж.С. ӘДІЛХАНОВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Еңлік АҚЖІГІТ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Бизнес Информ» баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Тапсырыс № 10744

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.